

2023 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету және "2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 987 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 20 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 41, 79 және 111-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. "2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 987 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 10-қосымшада:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 49-1-жолмен толықтырылсын:

"

49- 1	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды орындауды ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету	Автожол саласының нормативтік базасын реформалау; Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жол-құрылыс материалдарының сапасын жақсартуға арналған зерттеулер және апробацияланған жаңа технологиялар тізілімін құру; көпір құрылыстарын пайдалануды	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	"ҚазжолҒЗИ" АҚ	091 "Ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстауды ұйымдастыру" 108 "Қазақстан Республикасының бюджет қаражаты есебінен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы	1 097 566
-------	---	--	--	----------------	---	-----------

	басқару жүйесі (КҚБЖ) бойынша бағдарламалық қамтылым әзірлеу		жөндеу, күтіп-ұстау, көгалдандыру, диагностикалау және аспаптық тексеру"
--	--	--	--

..

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, міндеттемелер мен төлемдер бойынша тиісті қаржы жылына арналған жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгеріс пен толықтыру енгізсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 16 қаңтардағы
№ 20 қаулысына
қосымша

2023 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

мың теңге

ФТ	ББӘ	БҒД	Атауы	Өзгерістер (+, -)
1	2	3	4	5
			Жиыны	0
			Шығындар	0
001			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	0
	104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	-4 109 378
		001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	-4 109 378
	109		Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты	4 109 378

		001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	4 109 378
003			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0
	104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	-1 840 304
		003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	-1 840 304
	109		Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты	1 840 304
		002	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	1 840 304